



ӘЛ-ФАРАБИ

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ЖУРНАЛЫ

№ 3 (63) 2018 ж.

ӘЛ-ФАРАБИ

JOURNAL OF SOCIO-
HUMANITARIAN STUDIES

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ РЕТРОСПЕКТИВАДАҒЫ ФИЛОСОФИЯ – ФИЛОСОФИЯ В НАСТОЯЩЕМ И ИСТОРИЧЕСКОЙ РЕТРОСПЕКТИВЕ

- Абдильдин Ж., Абдильдина Р.*
Эволюция мышления как форма развития человека
и его деятельности.....3
- Прись И.*
О синтезе двух эпистемологий.....19
- Аязбекова С.*
Наследие аль-Фараби в контексте культурного кода нации.....31
- Соловьева Г.*
Национальный код и философский концепт прагматизма.....46

ТАРИХ АҒЫМЫНДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІ – ТЮРКСКИЙ МИР В ПОТОКЕ ИСТОРИИ

- Әбікенов Ж.*
Қорқыт ата дүниетанымының мәдени кеністігі.....65
- Балтабаева А., Нысанбаева А., Ризаходжаева Г.*
Изучение духовного наследия Х.А. Ясави как проект
интеграции тюркоязычного мира.....79

ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ:

БІРЕГЕЙЛІК, ЖАҢҒЫРУ, БОЛАШАҚ – СОВРЕМЕННОЕ ОБЩЕСТВО: ИДЕНТИЧНОСТЬ. МОДЕРНИЗАЦИЯ. БУДУЩЕЕ

- Барлыбаева Г.*
Казахская философия как вклад в становление
национальной идентичности народа.....88

ҚР БҒМ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ,
САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ
ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ

Мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы куәлік № 13403-Ж 22.02.2013 ж.

Журнал ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің философия және саяси ғылымдары бойынша негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын ғылыми басылымдар тізіміне енгізілген. (Комитет бұйрығы 05.07.2013 ж. №1033; Комитет бұйрығы 20.08.2013 ж. № 1201).

2003 ж. шығарыла бастады
Жазылу көрсеткіші – 74671

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Құрманғазы көшесі, 29,
ҚР БҒМ Ғылым комитетінің РМҚК «Философия,
саясаттану және дінтану институты»

Тел.: +7 (727) 272-59-10, 261-02-73, факс: +7 (727) 261-02-83.

www.alfarabijournal.org



АЛ-ФАРАБИ

ЖУРНАЛ СОЦИОГУМАНИТАРНЫХ
ИССЛЕДОВАНИЙ

ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ,
ПОЛИТОЛОГИИ
И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ
КОМИТЕТА НАУКИ
МОН РК

Свидетельство о постановке
на учет периодического
издания и (или)
информационного агентства
№13403-Ж от 22.02.2013 г.

Журнал включен в перечень
научных изданий, рекомендуемых
Комитетом по контролю в сфере
образования и науки МОН РК для
публикации основных результатов
научной деятельности по философ-
ским и политическим наукам
(приказ Комитета от 05.07.2013 г.
№ 1033; приказ Комитета от
20.08.2013 г. № 1201).

Издается с 2003 г.

Подписной индекс – 74671

АЛ-ФАРАБИ

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖУРНАЛЫ

№ 3 (63) 2018 г.

Кадыржанов Р.

Классификация форм синтеза этнической
и гражданской наций в мировом опыте формирования
национальной идентичности.....99

Әубәкірова С., Ахметова Г., Қанышева Б.

Этникалық жадының ұлттық бірегейлікті
калыптастырудағы рөлі.....109

Sartayeva R.

On Philosophical Bases of Processes of New Modernization
in an Era of Globalization and “INDUSTRY – 4.0”.....121

Шайкемелев М.

Социально-психологические исследования
в контексте модернизации общественного сознания.....130

Айтымбетов Н., Шакеева Б.

Президент институты және Қазақстанда ұлттық
құрылыстың қалыптасуы.....143

ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ОРТАДАҒЫ ДІН – РЕЛИГИЯ В СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ КОНТЕКСТАХ СОВРЕМЕННОСТИ

Бағашаров Қ., Шалабаев Қ.

Дін мен дәстүр сабақтастығы - діни біртұтастықты
сақтаудың негізі.....155

ҒЫЛЫМИ ӨМІР – НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ

Австралияның Брисбен қаласында өткен саяси ғылымның
бүкіл әлемдік XXV Конгресінің қорытындылары.....171

Contents. Abstracts.....174

Біздің авторлар – Наши авторы.....179

Our authors.....181

Адрес редакции: 050010, город Алматы, ул. Курмангазы, 29.
РГКП «Институт философии, политологии и религиоведения»
Комитета науки МОН РК

Тел.: +7 (727) 272-59-10, 261-02-73, факс: +7 (727) 261-02-83.

www.alfarabijournal.org

Салтанат Әубәкірова, Гаухар Ахметова,
Бағлан Қапышева (Павлодар, Қазақстан)

ЭТНИКАЛЫҚ ЖАДЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Аннотация. Мақалада этникалық жадының мәні мен мазмұны, оның ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі философия тұрғысынан талданады. Этникалық жадының дүниетанымдық негіздері танымның теориялық деңгейінде пайымдалады. Этникалық жады қалыптасуының этномәдени алғышарттарының мысалы ретінде адамзаттық мәдениеттің ажырамас бір бөлігі түріндегі қазақ мәдениеті алынып, қазақ халқының бүгінгі тарихи өзіндік санасы зерттеледі.

Ұлттық сана сезімнің қайта жаңғыруы, өткенге баға беру әр түрлі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың алдына үлкен міндеттер қойды. Өйткені бағаның объективті болуына болашақтағы жасалатын іс-әрекеттердің сипаты мен маңызы да байланысты. Мақалада этникалық бірегейлік заман талабына сай бейімделуге қабілетті, икемді қоғамның өмір сүруге қабілетін қорғаушы ретінде қарастырылған. Бірегейліктің қалыптасуы экономикалық және әлеуметтік-саяси жаңа жүйелердің пайда болуымен қатар, жаңа қоғамдық ой және дүниеге көзқарас, әлеуметтік-саяси қатынастарға жауап ретінде жаңа идеялармен бірге жүреді. Ұлттың субъективті сипаты анықталады және азаматтық өзіндік бірегейлік үдеріс ұлттық саясаттың негізгі іргетасына айналады.

Түйін сөздер. Этнос, этникалық жады, тарихи сана, қоғам, ұлт, ұлттық рух, ұлттық бірегейлік, дүниетаным, этносаралық қатынас.

Kіріспе

Әлеуметтік болмыстың көптеген қырларын, саяси және этноәлеуметтік үдерістерді сипаттау үшін халқымыздың өткен тарихқа, оның қазіргі күнмен және оның болашақтағы мүмкін болатын бейнеленуімен байланысына қатынасын зерттеу қазіргі күні жүргізіліп отырған іргелі зерттеулермен тығыз байланысты.

Әлеуметтік жады формасы жағынан әмбебап және мазмұны жағынан нақты болып келеді. Сондықтан да этникалық жады қашанда нақты-тарихи, әлеуметтік, ұлттық және дара индивидуалдық мазмұнмен толтырылады. Қазіргі жағдайларда әлеуметтік жадының үш деңгейінде де – жаһандық деңгейінде, ұлттық деңгейде және индивидуалдық деңгейде түбірлі өзгеріс-тер болып жатыр: адамдық индивидуалдық деңгейде антропологиялық төңке-ріс орын алды, әлеуметтік немесе этностық деңгейде ұлттық сана-сезімнің бұрын-соңды болмаған дүмпуі байқалды және жалпыадамзаттық ғаламдық деңгейде ақпараттық жаһандану үдерісін бастан кешіп отырмыз.

Этникалық жадының деңгейі неғұрлым терең болған сайын адам да, тұтастай алғанда қоғам да рухани бай болады. Бүгінгіні түсіну мен болашақты болжау үшін өткенді білу тарихи білімнің негізгі арқалайтын жүгі екендігі рас. Халықтың ғасырлар бойы жинақтаған әлеуметтік-мәдени тәжірибесіне тереңірек енген сайын қазіргі адамның өмірлік және азаматтық ұстанымы да айқындала түседі.

Әлемде қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени қатынастардың ең күрделі, карама-қайшы әрі нәзік қырларын этностардың арасындағы қатынастар құрайды және олар елдегі саяси ахуалға, экономикалық және әлеуметтік қатынастардың жағдайына, мемлекеттік-құқықтық институттардың тиімділігіне, мемлекеттің ұлттық саясатының пәрменділігіне негізделеді. Адамдардың материалдық және рухани құндылықтармен, тәжірибемен, этностардың мәдени жетістіктерімен, өмір сүру салттарымен, тұрмыстағы ерекшеліктерімен өзара алмасуы этностардың қарым-қатынас жасау барысында жүзеге асады. Сонымен бірге, этносаралық қатынас барысында өзара әрекет жасайтын халықтардың дәстүрлі түсінігіндегі, көзқарасындағы, мүддесіндегі, дәстүрі мен құндылықтарындағы ерекшеліктер қақтығысы орын алады, сондықтан ол арнайы моральдық, әлеуметтік-психологиялық, саяси-құқықтық реттеуді, тікелей этносаралық байланыс саласында тұлғаның мінез-құлқына әлеуметтік бақылау жүргізуді қажет етеді.

Этникалық жады, этникалық бірегейлік мәселелері көптеген шетелдік және бірқатар отандық зерттеушілердің назарында болып келеді. Зерттеушілердің бұл саладағы еңбектері теориялық тұжырымдары, әдіснамалық ұстанымдары және логикалық құрылымдары тұрғысынан әр түрлі болып табылады. Шетелдік әдебиеттерде этникалық бірегейлікке байланысты жұмыстар көп, дегенмен этникалық жады мәселесі бойынша еңбектер өте аз. Мысалы, Ю.В. Бромлей [1983], Э. Геллнер [1991], Ю. Хабермас [1999], С. Хантингтон [2003], Э. Эриксон [2006] этникалық бірегейлік мәселесін қарастыра отырып, этникалық жады феноменіне көңіл аударған. Бұл зерттеулерде өзін-өзі анықтаудың әлеуметтік мәселелері, ұжымдық тиесіліктің қалыптасуы мен құрылуының принциптері терең, жан-жақты зерттелген. Сонымен қатар бұл ғалымдардың назарында этникалық бірегейліктің құрылымы, функциялары, оның табиғаты, сонымен қатар оның әлеуметтік саладағы көріністерінің әр түрлі қырлары сияқты күрделі мәселелер болды.

Қазақстандық ғылымда этносаралық қатынастар, этникалық бірегейлік, этносаралық келісім мәселелері тәуелсіздік алған жылдардан бастап қарқынды түрде зерттеле бастады. Бұл мәселелелерді отандық ғалымдар Ә.Н. Нысанбаев, В. Курғанская, Р. Қадыржанов, К.М. Байпаков, Х. Арғынбаев, Ж.О. Артықбаев, М. Қойғелдиев, Н.М. Масанов, М.С. Шайкемелев және т.б. зерттеп келеді.

Зерттеудің әдіснамасы

Этникалық жады негізін жалпыфилософиялық ұстындар және категориялармен қатар, әлеуметтік философиялық, арнайы ғылыми әдіс-тәсілдер құрады. Атап айтқанда, тарихилық пен логикалықтың бірлігі, нақты тарихилық, тұтастық, себептілік ұстыны, сондай-ақ жалпылық пен жалқылық, абстрактылық пен нақтылық, мән мен құбылыс, мүмкіндік пен қажеттілік, мазмұн мен формалар, сабақтастық, қайшылықтар және басқа категориялар қолданылды. Этникалық жадыны талдаудың әлеуметтік-мәдени компаративистикалық, жүйелі-функционалды, құрылымдық тәсілдерімен қатар, мәселенің күрделілігіне орай, тарихтың этнография, деректану және тарихнама сынды арнаулы салаларының ұстындары мен әдістері де пайдаланылды.

Этникалық жадының мәні мен мазмұны

Этникалық жады – күрделі әрі көпқұрамды құбылыс. Оның құрамына халықтың тарихи, мәдени, саяси жадысы кіреді. Ол этностың тарихи-әлеуметтік ақпаратын, тарихи мұрасын сақтау, жинау және жалғастыру сияқты қызмет атқарады. Этникалық жады – этникалық бірліктің (топтың, аз ұлттардың, халықтың) өз өткенін жаңғырту мүмкіндігі. Өзінің тарихи мұрасына, ұзақ уақыт бағаланбай келген этномәдени үлгілерге халықтың саналы түрде қайта оралуы жағымды құбылыс болып табылады. Этноәлеуметтік жады әлеуметтік жадының бір құрамдас бөлігі бола отырып, этникалық, әлеуметтік тәжірибені шоғырландырудың арнайы формасын құрайды, оны трансляциялауды қамтамасыз етеді. Этникалық фактор – әлеуметтік жадының белгілі бір детерминанты. Әлеуметтік жадының этникалық құрамы туралы сөз болған кезде белгілі бір нақты-этникалық ерекшелігі бар құбылыс, оқиға, тарихи кезең индивидуум, топ, когам тұрғысынан алған баға ескеріледі.

Этникалық жадының мазмұндық негізін халықтың мәдени генофонды құрайды, ол этникалық мәдениеттің элементтерінен тұрады. Оған тіл, өнер, халықтың материалды мәдениеті, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, халықтық даналық пен философия кіреді. Этникалық жадының формасын құрушы фактор ретінде ғасырлар бойы жинақталған мұраның, ақпараттың ұрпақтан ұрпаққа берілуін алуға болады. Этноәлеуметтік жадының трансляциялық факторын атап өткен кезде, оның аккумулятивті қызметін де естен шығармау керек. Ол әлеуметтік-мәдени тәжірибені жинақтайтын синтездеуіш болып табылады. Этникалық жады халықтың рухани келбетіндегі ең күрделі әлеуметтік-психологиялық құрылым болып табылады. Ол қабат-қабат болып тілде, мәдениетте, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда, психологияда жинақталады. Ол туған жер, ұлттық мүдде, материалдық және рухани құндылықтарға деген халықтың қатынасында

да көрінеді. Этноәлеуметтік жадыда тарихтағы батырлық және драмалық оқиғалар бейнеленеді. Сонымен қатар халықтың тарихи оқиғаларға байланысты өкпе-назы да осында сақталады.

Этникалық жадыны ұлттың рухани келбетінің «өзегі», орталығы ретінде қарастыруға болады. Күрделі эволюциялық жүйелерді синергетика аясында зерттеген кезде ғалымдар өткен кезең турады ақпарат оның ортасында сақталатындығын анықтаған. Этноәлеуметтік жады «ұлттық-генетикалық код» болып табылатыны белгілі, ол тарих, оның дамуының кезеңдерін, ұлттың этникалық әлеуетін, тіршілік етуінің жағдайын білдіреді. Жадыда этностың мәдени және әлеуметтік тәжірибесінің кодталуы – көпжақты үдеріс. Ол интеллектуалды-рухани сферада да, материалдық-өндірістік іс-әрекетте де іске асады. Ұлттың рухани келбетіне – халықтың мәдени гено-фондына ену үшін мәдениеттің компоненттері уақыт елегінен өтуі тиіс, сол қауымдастықтың құндылығына айналуы тиіс. Бұл «ұлттық-генетикалық» код жоғалған жағдайда, адамның тұқымының жоғалуы сияқты, біз этникалық қауымдастықтың құруы туралы айтамыз.

Этникалық жадыны екікомпонентті біртұтас құбылыс ретінде көрсетуге болады. Ол этникалық өзек мен әлеуметтік белдеуден тұрады. Бірінші компонент «бастапқы субстратқа» ие, яғни ерекше тұтастық ретінде этникалық қауымдастықтың негізін құрайтын элементтерден тұратын субстрат болып табылады. Этникалық ядро жоғары дәрежеде тұрақтылыққа ие, ол болмашы ғана өзгеріске ұшырайды. Егер этникалық өзек әлеуметтік-биологиялық жадыға, тарихи даму жадысына ие болса, онда әлеуметтік белдік тек тарихи дамудың жадысымен ғана шектеледі. Бұл әлеуметтік белдік ұлттық бірліктің «ақпараттық сүзгіші» функциясын атқарады, ол өзі арқылы көптеген ақпараттық ағындарды өткізеді, сол қауымдастыққа қажетті, құнды, маңызды ақпаратты іріктейді. Басқаша айтқанда, этноәлеуметтік жадының этникалық өзегі этникалық өлшемдердің белгілі бір жиынтығын сақтайды, олардың қолданылуы өзіндік бірегейліктің құралы болып табылады, ол сол этносқа тиістілікті білдіреді. Ал әлеуметтік белдік феноменінің тіршілігі үшін диахрондық емес, синхрондық байланыстар маңызды.

Халықтың әлеуметтік жадысы әр түрлі ұрпақтардың жеке тәжірибелерімен шектеледі. Көп жағдайда адамдар өздері үшін өмір сүріп бастаған кезден бастап болған оқиғаларды маңызды деп санайды. Этноәлеуметтік жадының ортасына этникалық компонентті қою этникалық жадыны әлеуметтік жадыдан жоғары қоюды білдірмейді, ол ұлттық жадыда этникалықтың тұрақты екенін, мызғымас берік екенін білдіреді. Әлеуметтік-мәдени дағдарыстар кезінде, ұлттық қозғалыстардың күшеюі кезінде тарихи тәжірибе мен білімнің өзектілігі артады. Әлеуметтік топтар, қоғамдық қозғалыстар этникалық жадыдан негіздеме табады, өздерінің ұлттық талаптарына қолдау табады. Бірақ этникалық жадыға жүгіну жады феноменімен негізделмейді, ол ұлттық мүддемен байланысты.

Әр түрлі саяси, қоғамдық күштер тарихи санада өздері көргісі келген нәрсені көреді. Ұлттық жадыға әрқашанда таңдау тән, өйткені бұл жерде субъективті фактор бар, яғни оқиғалар жеке адамдардың, әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделері тұрғысынан түсіндіріледі.

«Әлеуметтік жадының қызметі өзінің екі қырынан танылады: әрекет үстіндегі буынның мәдени жүкті жинақтап қалыптастыруы ретінде және кейінгі ұрпақтың бұл дәстүрді жаңғыртуы ретінде. Әлеуметтік жадының жинақталуы мен игерілуі біртұтас тарихи субъект шеңберіндегі адамдардың санасы мен еркіне бағынбайтын материалды, объективті үдеріс болса, нақты әлеуметтік қауымдастықтың уақыт ағымындағы өзгеріске түсетін осы тарихи сабақтастығы «қоғамның тарихи санасы» деп аталады. Тарихи байланыстың материалдылығы тарихи сана индивидтерінің субъективті рухани белсенділігіне айналып, бірте-бірте индивидуалдылықтан жоғары тұрған қоғамдық сананың ерекше бір қыры ретінде көрініс табады» [Сатершинов 2016, 106 б.].

Жады – күнделікті өмірлік тәжірибе мен қоғамдық институттар арқылы отбасының, діннің, әлеуметтік таптың әсерімен дамитын қандай да бір мәдени шығарма емес қазіргі кезде құрылған және естеліктер жиынтығы ретіндегі әлеуметтік құрылым. Әлеуметтік жадының қызметі өзінің екі қырынан: әрекет үстіндегі буынның мәдени жүкті жинақтап қалыптастыруы және кейінгі ұрпақтың бұл дәстүрді жаңғыртуы ретінде танылады. Әлеуметтік жадының жинақталуы мен игерілуі біртұтас тарихи субъект шеңберіндегі адамдардың санасы мен еркіне бағынбайтын материалды, объективті үдеріс болса, нақты әлеуметтік қауымдастықтың уақыт ағымындағы өзгеріске түсетін осы тарихи сабақтастығы «қоғамның тарихи санасы» деп аталады. Тарихи байланыстың материалдылығы тарихи сана индивидтерінің субъективті рухани белсенділігіне айналып, бірте-бірте индивидуалдылықтан жоғары тұрған қоғамдық сананың ерекше бір қыры ретінде көрініс табады. Н.А. Бердяевтың пікірінше, жады тек өткенді еске түсіру емес, өткенді тек түсініп қана қоймай, оның өзгеруіне де бағытталған «рухани белсенділіктің» тууы [Историческая память и образы прошлого в российской культуре XIX – начала XX вв 2011].

Әлеуметтік жады жағдайлардың үнемі өзгеріп отыруына қарамастан дамудың үздіксіздігін сақтаудағы қоғамның қажеттілігін өтейтін құрал және қоғамның қалыпты қызметінің шарты болып табылады. Алдыңғы дамумен сабақтастық жойылған жағдайда, сабақтастықтың жаңа жағдайларға бейімделе алмаған тұстарында тарихи байланыс үзіліп, тарихи ұмыту тетігі іске қосылады. Бұл ұмыту анағұрлым әлеуметтік маңызды ақпаратқа орын беруі тиіс. Алайда ұмытушылық идеологиялық догмалар мен саяси күштердің араласуынсыз, табиғи түрде жүзеге асуы керек. Олай болмаған жағдайда әлеуметтік жады зорлықпен тазартылып, жасанды, саясиленген тарихи сана бекітіледі. Әлеуметтік жады ретіндегі тарихи сана қоғамның шоғырлануында орасан рөл ойнайды. Сондықтан

тарихқа немқұрайлы қатынас, оны уақытша саяси құмарлық пайдасына шешу қоғамның рухани-интеллектуалдық өміріне нұқсан келтіреді. Қазіргі заманда жүзеге асқан түбегейлі экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістердің тарихи санаға, оның қызметіне әсерін тигізгені даусыз. Белгілі ресейлік социолог Ж.Т. Тощенко [2008]. «Тарихи жады – бұл қазіргі мен болашақпен тағыз байланыса отырып, өткен кезеңнің маңыздылығы мен өзектілігін бейнелейтін тоғысқан сана деп есептейді».

Этникалық жады феномені бірмағыналы, біржақты болып келеді, сондықтан ол этникалық және топтық араздықты тудыру, оны ұшықтыру, ұлт-аралық қатынастарда шиеленісті тудыру үшін қолданылуы мүмкін, екіншіден – халықтардың тату-тәтті көрші тұруы мен ынтымақтастықпен араласуына мүмкіндік береді. Этноәлеуметтік жадының қарама-қайшылығы бұл феноменнің белгілі бір биліктің, саяси, әлеуметтік топтардың өз мүдделері үшін оны пайдалануымен байланысты. Өйткені олар әрқашан тарихи мәселелерге байланысты өз пікірлері мен ұстанымдарын қоғамға таңумен, оған иландырумен айналысады.

Этникалық жадыны зерттеген кезде оның бастапқы анықтамасы оның мазмұнын құраушы фактілер, сюжеттер болып табылатынын ескеру керек. Олар халықтың тарихи даму жолын, мәдени және материалдық құндылықтарын сипаттайды, оның барлығы этникалық бірегейліктің негізінде жатады. Этноәлеуметтік жадының басты сипаты – ұлттық бірегейлікті сақтау және ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыру. Этноәлеуметтік жады шоғырланған ақпарат тәрбие және білім беру институттары арқылы, мұрагерлік тетіктердің негізінде бір ұрпақтан бір ұрпаққа жалғасады. Ол өз кезегінде ұлттық бірегейлікті қамтамасыз етеді.

Этникалық жады мен ұлттық бірегейліктің өзара арақатынасы

Жады мен бірегейлік – біртұтас ұғымдар, екеуінің арасында өзара тәуелділік бар. Бірегейлік жадыда қалыптасады, бірегейлену – ұжымдық жадының негізгі қызметінің бірі. Этникалық жадының басты атқарымдық сипаттамасы – ұлттық қауымның өзіндік бірегейлігін сақтау мен табыстау. Этникалық жады жинақтайтын ақпарат тәрбие мен білім институты, әлеуметтік мұрагерлену тетігі арқылы ұрпақтан ұрпаққа таралады және ұлттық қауымның өзіндік бірегейлігін қамтамасыз етеді. Этникалық жады ұлттың рухани кескіні жүйесінде ең қиын әлеуметтік-психологиялық білімді көрсетеді. Тілде, мәдениетте, әдет-ғұрыпта сақталған этникалық жады туған жер, ұлттық мүддені сезіну, халықтың материалдық және рухани құндылықтарына деген қатынасы жайлы түсініктерді де көрсетеді.

Жады мен бірегейліктің түбегейлі байланысын француз социологы М. Хальбвакстың есімімен байланыстырады. Ол ұжымдық жады феноменін түрлі қоғамдағы адамдардың өзіндік бірегейлену құралы

деп есептеді. М. Хальбвакс жады осы күні құрылған және естеліктер емес, күнделікті өмірлік тәжірибе мен қоғамдық институттардың тілдік құрылымы арқылы отбасының, діннің, әлеуметтік топтардың әсерімен дамиды, мәдени шығарма деп есептейді [Сабанчиев 2004, 131 с.].

Этникалық жадының детерминациясын зерттеген кезде оның бастапқы дефинициясы, оның мазмұнын құраушы фактілер, сюжеттер болып табылатынын ескеру керек. Олар халықтың тарихи даму жолын, мәдени және материалдық құндылықтарын сипаттайды, оның барлығы этникалық бірегейліктің негізінде жатады. Этноәлеуметтік жадының функционалды басты сипаты – ұлттық бірегейлікті сақтау және ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыру. Этноәлеуметтік жады аккумуляциялайтын ақпарат тәрбие және білім беру институттары арқылы, мұрагерлік механизмдердің негізінде бір ұрпақтан бір ұрпаққа трансляцияланады. Ол өз кезегінде ұлттық бірегейлікті қамтамасыз етеді. Ұлттық таным мен өзін-өзі танудың нәтижесі ұлттық өзін-өзі анықтау және бірегейлік болып табылады. Бірегейлік, сәйкестілік даму барысында пайда болады және тұтас құрылымға тиістілігін сезімін белгілейді, адамның саналы түсінуі бұл құрылымның бөлігін құрайды және онда белгілі бір ережеге ие болады. Бірегейлік адамға өзінің әлеуметтік сатыны табуға және негізгі қажеттіліктерін іске асыруға көмектеседі, ол ең жаман қайғыдан – жалғыздық пен күдіктен құтылуға мүмкіндік береді [Этническая психология и общество, 1997].

Бірегейлік ұғымы индивидтер мен топтарды салыстырмалы тұрақты, «өздеріне өздері сәйкес болатын» біртұтастық ретінде сипаттауда қолданылады. Философияда бірегейлік бұл бір заттың құрамында болмайды, ол қарым-қатынасты білдіреді деп тұжырымайды. Яғни ол тек әлеуметтік өзара әрекет барысында ғана қалыптасады, бекітіледі немесе керісінше, қайта қалыптасып, трансформацияланады. Нақты айтатын болсақ, бірегейлік сөзін индивидтер ғана анықтайды, өйткені субъектілік қасиет тек индивидтерге тән, яғни өздеріне қатысты немесе мүлдем қатысы жоқ белгілі бір белгілерді қолдану мүмкіндігіне тек индивидтер ие. Ал бірегейлік түсінігін топтарға тиісті қолдану тек ол сөздің ауыспалы мағынасында, бейнелеу мағынасында қолдануға болады.

Ұлттық бірегейлік ұрпақтың рухани деңгейінен шығады, рухани деңгей арқылы көрініп, жүзеге асып отырады. Ұрпақтың рухани деңгейі ұлттық тәрбие, діни сауаттылық, тарих білімі, интеллектуалдық қызметі, мәдениеті, қабілеті, өнері, білімі, еңбекқорлығы негізінде көрініп отырған. Рухани деңгейі бар қоғамда ұлттың және оны демеп отыратын зиялылардың азаматтық, тұлғалық бірегейлігі сақталмақ. Керісінше жемқорлыққа, паракорлыққа халықтың көзі үйренген ортада ұлттық бірегейлік түгіл азаматтық бірегейлік болмайды, болса да қоғамда елдің табиғатына, ұлттың мінезіне жат нәрселердің орын алуы себепті тарихтан келе жатқан дәстүрден (ұлттық бірегейлік пен тұлғалық бірегейліктің жолынан) өсіп келе жатқан ұрпақтың ішкі әлемі алшақтай түспек.

Этникалық бірегейлік әлеуметтік бірегейліктің бөлігі болып табылады. Н.М. Лебедованың пікіріне сәйкес, адамның этникалық бірегейлігі бірегейліктің басқа да типтерімен салыстырғанда әлемді акпараттық құрылымдаудың ежелгі және тұрақты формасы болып саналады. Әлеуметтік бірегейліктің маңызды құрамды бөліктерінің бірі – этникалық бірегейлікті оның құрылымынан босату немесе ығыстыру, бір жағынан, «Мен» бейнесінің тұтастығын, екінші жағынан, басқа қандай да бір мәдениетпен байланысын жоғалту қауіп тудырады, этнопсихологияда бұл қасиетті этникалық гипобірегейлік деп атайды. Этникалық бірегейлікті (этникалық гипоидентичность) жоғалту тұтас алғанда адам үшін жағымсыз себептерге алып келеді. Өзінің маңызын және ұлттық бірегейлігін, сонымен қатар өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін жете ұғынбауы, адамның ішкі жағынан азат етілмеуі, өзіне қысым көрсетуі, жасқаншақтауы, өзінің мәдени «Менін» басуға тырысуы, оны ішкі кикілжіңге алып келеді. Ол өзіне деген сенімін жоғалтады немесе оны тіпті де меңгермейді, ынтасыз, өзін қорғай алмайды және басқаның аяласының пассивті объектісі болып қалыптасады [Қазақстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности, 2011].

Ұлттық бірегейлік пен тарихтағы, қоғамдағы тұлғалық бірегейлік ел мен жеке адам болмысына ұлттық сана арқылы келеді. Қоғамда ұлттық сана арқылы сақталады. Ұлттық сана қашан да ел өмірінде тарихи сана негізінде қалыптасып, нығайып отырған. Тарихи сана адамның өз тарихын толық білуінен, дәстүрді иеленуден, мәдениетінің құндылықтарын игеруден және білімді болудан, адамгершіліктен шығады, ұлттық сана осы принцип арқылы адам бойында қалыптасады.

Қазақтың ұлттық тарихының тағылымын баяндайтын дүниелер өскелең ұрпақтың (жастардың) өзіндік санасын тәрбиелеудің тәсілі, осыдан шыққан дүние, сананы тарих өрісіне, ұлттық мүдде деңгейіне көтерудің тетігі, негізгі тәсілі және дұрыс жолы. Яғни, қазақтың ұлттық руханияты әрдайым ұлттық бірегейліктің ұйытқысы болып отырған. Ахмет Байтұрсынов жазып кеткендей, «рухты ертең жырлар, батыр әңгімелері халықтың рухы көтерілген шақта шыққан сөз болады. Батырлардың рухынан, батырларды жыр қылған ақын сөздерінің рухынан сол жыр шыққан замандағы халық рухы қандай болғанын білеміз. Ертегілер бұрынғының қалпынан, салтынан дерек бергендей, ертең жырлар бұрынғының рухынан дерек береді. Бұл бір. Екіншісі, батырлар жырының құны тілге пайда беру жағынан зор. Өлеңмен айтылған әңгіменің сөзі көпке төзеді, тез өзгере қоймайды. Солай болған соң, батырлар әңгімесінде аталарымыздың сөздері сақталып келген. Біз сияқты тілі жетіліп болмаған халыққа аталарымыздың сөздері сақтаған әңгімелер құнды болмақ. Сондай құнды әңгімелердің бірі батырлар әңгімесі болмақ» [Байтұрсынов 1992].

Тарихымыздан белгілі жеке адам ойшыл, ақын, батыр, ғалым болсын, өз бетінше ұлтшыл, ұлтжанды болған емес, болмайды да. Қазақтың

тұлғаларының қалыптасуында оның бойындағы қабілетінің дамуына ықпал еткен елдің рухани тәжірибесі, құндылықтар, ортаның үйретер өнегесі бар. Бұл үнемі ескерілетін нәрсе. Міржақып Дулатов «Қазақ зиялылары» атты мақаласында былай деген: «Адамның алдымен адам сипаты болуы шарт. Өзінен басқаның тілегін тілей алмаған, арын, иманын кара басының пайдасы үшін қысқа күнде қырық сататын соғылғандардан қаны тамып тұрған ұлтшыл артық. Бірақ, біздің қазақтың ұлтшылдары өзге жуан елдердің ұлтшылдарындай емес екені бәрімізге белгілі. Бізді ұлтшыл қылған нәрсе – біздің кемдікте, қорлықта жүргендігіміз, көрінгеннен соққы жегендігіміз еді егер теңгеруші табылады екен, ұлтшылдықты ортақшылдыққа айырбастауымыз қиын емес» [Дулатов 2003].

Қазақ зиялыларының өмірі айқын дәлел болып отырғандай, жеке адамның ұлтжанды, ел азаматы, тұлға дәрежесіне көтерілуі ұлттық сана, ұлттық рух арқылы ғана жүзеге асып отырған. Сондықтан да, ұлттық рух ұлттық және тұлғалық біргеіліктің тұтқасы. Ұлттық рух дегеніміз елдің рухани өмірінде пайда болатын өткінші әдеттерге, нәрселерге бағынбайтын, төзбейтін, берілмейтін, жеңілмейтін халықтың, жеке адамның ерекше мінезі. Ұлттық рух адамның бойында қоғамдық сананың барлық түрлерін дұрыс білу арқылы нығайып отырмақ.

Ұлттық рух ұрпақтан ұрпаққа, бабадан немереге, әкеден балаға үйретілетін тағылым, яғни кісілік өнеге. Егер ол жастарға үйретілмеген жағдайда бәрібір ұрпақ оны өз бетімен іздейді. Себебі әр адамның танымының түбінде ұлттық рухты аңсау сезімі жатады. Тарихының тәжірибесіне сүйенбесе өз бетінше ұлтына, жұртына қызмет етемін дейтін адамның мінезі шектен асып кетуі мүмкін. Тарих тағылымы, тарихтың тәжірибесі бойында азаматтық мүмкіндігі бар адам үшін рухани қазық.

Тарихтағы қазақ қоғамының тәжірибесінен көріп отырғанымыздай, мемлекет қоғамда нағыз ұлт зиялыларының институтын сақтап, нығайтып отыруға мүдделі, үнемі осыған мән беруі тиіс. Қазақ елі тарихта бұған ерекше мән берген. Қазақ ұлты және оның зиялылары заман талабына сай ел мүддесіне қызмет етудің талабының өзгеріп отыратындығын терең білген. Сол себептен, қоғам тарапынан қашан да ұлттық бірегейлікке ерекше мән беріліп отырған. Себебі адамзат өркениеті биіктеген сайын қоғамның құрылысы да өзгере бастайды, әлемде болатын жаңалық барлық адамзат қоғамына ықпалын тигізбей қоймайды. Әлемдік өркениет өрісінде мемлекет өзінің дербестігін сақтап қалу, нығайту үшін қоғамдық ортада, мемлекеттің ішкі өмірінде ұлттық бірегейлік сақталуы қажет.

Заман ағымындағы адамзат мәдениетінің өзгеруіне орай, адам да өзгереді, тіпті қоғамда әр түрлі адамдар, топтар, секталар пайда болуы мүмкін. Мемлекетті әлсіретудің амалы қоғамдағы ұлттық бірегейлікті ыдыратумен тең. Бірегейлікті (ұлттық, жалпы ұлттық, азаматтық болсын)

ыдырататын нәрсе ата дінін, алған білімін дәстүрге, қоғамға, тарихқа, мемлекетке қарсы қоюдан шығады, ол жастардың ұлттық болмысына, діліне қарсы тәрбиеленуі, білім алуы, өзге біреудің ықпалымен ізденуі. Қазақ руханиятында зерделенген, алаш тұлғаларының ұстанымына, өмір мәндік түсінігіне айналған елдік, ар-намыс, қайырымдылық, жауапкершілік, кішіпейілді болу, төзім, қанағат, мейірімділік сынды ізгі қасиеттер, ұрпаққа үйретіліп отырған адал еңбек түсінігі ұлттық бірегейліктің негізгі тұтқасы. Осы құндылықтар арқылы қазақтың отбасында, қоғам өмірінде бірлік, түсінік, төзімділік, қайырымдылық сақталған. Тарихтағы қазақ қоғамынан түйеріміз, өскен ортасына сенетін адам қоғамға да сенеді, мемлекетін өз үйіндей сезінеді.

Қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің және алаш зиялыларының тұлғалық бірегейлігінің, қоғамдағы кісіліктің қалыптасуындағы үлкен міндет дәстүрге жүктелгендігін, дәстүрді иелену, сақтау, кейінгі буынға табыстаудың ұрпаққа міндеттелгендігін уақыт дәлелдеуде. Ұлттық дәстүрін терістеп, құндылығын тереңнен ұғына білмеген, дін мен дәстүрді бір-біріне қарсы қоятын ұрпақ өскен ортасынан іштей де, сырттай да окшауланады. Дәстүрден іштей алшақтауда адамның қоғамынан, мемлекетінен іштей өгейленуі, жаттануы болады.

Қорытынды

Жаһандану бүгінгі таңда жалпы дүниежүзілік процесс болып табылады. Тәуелсіздіктің қалыптасуы, ұлттық мемлекеттіліктің дамуы қоғамдағы біріктіру факторы болып табылатын салауатты ұлттық бірегейлікті қалыптастыруымен тығыз байланысты. Ол мемлекет территориясында тұратын барлық этностық топ мүдделерінің теңқұқылығын қамтамасыз ететін мемлекеттік саясатқа едәуір ықпал ете алады. Қолайлы әлеуметтік-тарихи жағдайда жағымды этникалық бірегейлік елжандылықтан, өз халқының және оның ұлы тұлғаларының жетістігін мақтан тұтудан, жоғары өзіндік бағалаудан, өзінің беделін сезінуден т.б. көрінеді.

Тәуелсіз Қазақстан өзінің даму барысында және ұлттық бірегейлігін қалыптастыру кезеңінде арғы шығу тегі, салт-дәстүрін, рухани-мәдени ұстанымдарын, тарихын, яғни қазақтардың қайдан, қашан, қалай шыққанын, болмысын танып-білуге ұмтылғаны күмән туғызбаса керек. Ұлттық өзіндік менді қалыптастыратын тетіктер мен жағдаяттар сан алуан. Оған көшедегі қаптаған жарнамалардан бастап, енді ғана дүние есігін ашқан сәбидің құлағына естілетін ән мен күйге дейін кіреді.

Өткен кезеңнің тарихи, әлеуметтік жадысына қайта оралу кез келген қоғамның қажеттілігі болып табылады, өйткені онда өте маңызды, әрі терең тәрбиелік мән бар. Тарихи, этникалық жады ұрпақтардың арасындағы байланысты күшейтеді, әр түрлі салалардағы, топтардағы адамдардың серіктестігіне, араласуына жақсы ықпал етеді.

Кеңес заманынан кейінгі қазақстандықтардың өзіндік бірегейлілік үдерісі бүгінгі күнге дейін аяқталды деп айтуға болмайды. Еліміз болашақта өзінің тарихи қалыптасып келе жатқан ұлттық келбетін сақтап қана қоймай, сонымен қатар тең құқылы дәрежеде өзге елдермен жаһандану үдерісіне кіруі қажет. Жаһандану кезеңінде Қазақстан өзінің ұлттық және мемлекеттік бірегейлілігін сақтап қалу мәселесі туындайды. Осы арқылы мемлекетіміз әлемдік ұйымдарда өз орнын сақтап, нығайта алу мүмкіндігіне ие болады. Бұл дегеніміз жаһандану кезеңінің барлық жағдайларына көне бермеу керек деген сөз, яғни Қазақстан тікелей өз даму стратегиясын жүргізуі қажет. Сонда ғана ұлттық және мемлекеттік бірегейлігімізді сақтап қала аламыз.

Қазіргі өзгермелі қоғам жағдайында этникалық әлеуметтендіру мәселесінің шиеленісуі бірқатар факторлармен дәлелденеді: қазіргі заманғы көпмәдени және көпэтникалық қоғамда қоғамдық қатынастардағы болып жатқан өзгерістер нәтижесінде туындаған жастарды әлеуметтендіру ерекшеліктерінің, ұлтаралық байланыстардың көбеюі; жаһандану және құндылық бағдардың төмендеуі жағдайында тұлғаның маргинализациясы; бірыңғайланған батыстық мәдениеттің қаптап келуі; этникалық әлеуметтену институтының ролін шешетін қазіргі заманғы нуклеарлы отбасының біртіндеп жойылуы; этникалық рухани құндылықтарды беретін әлеуметтік тетіктердің күрделенуі. Этникалық тұлғаны тәрбиелеу күрделене түсуде. Осындай жағдаятта қазіргі заманғы тұлғаны этникалық әлеуметтендіруге әлеуметтендірудің заманауи институттарын, мысалы ұлттық мәдениетті, тілді, дәстүрді сақтауға, сонымен бірге жанартылған негізде этникалық бірегейлікті қалыптастыруға жауапты ұлттық БАҚ, білім беру мекемелері, қоғамдық ұйымдар, арнайы құрылған мемлекеттік мекемелерді аса белсенді және мақсатты бағытта қатыстыру қажеттілігінің өзектілігі пайда болады.

Библиография

- Байтұрсынов, А. 1992. 'Тіл тағылымы'. Алматы, Ана тілі, 448 б.
- Бромлей, Ю. 1983. 'Очерки теории этноса'. М., 385 с.
- Геллнер, Э. 1991. 'Нации и национализм'. М., Прогресс, 319 с.
- Дулатов, М. 2003. 'Бес томдық шығармалар жинағы'. Алматы, Мектеп, Т.3. 400 б.
- 'Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности'. 2011. Алматы: Институт философии и политологии КН МОН РК, 422 с.
- Сатершинов, Б. & Сағикызы, А. 2016. 'Тарихи сананың мәні мен мазмұнына қатысты кейбір мәселелер', Историческая память как источник конструирования казахстанской идентичности. *Мат. 4-й науч.-практ. конф. Научно-экспертной группы АНК*. Алматы, ИФПР КН МОН РК, 140 с.
- Сабанчеев, Р. 2004. 'Память как культурно-исторический феномен в работах Мориса Халбвакса'. *Гуманитарные исследование в восточной Сибири и на Дальнем Востоке*, №2.

- Тощенко, Ж. 2008. 'Парадоксальный человек'. М., ЮНИТИ-ДАНА, 543 с.
Хабермас, Ю. 1999. 'В поисках национальной идентичности: философские и политические статьи'. Донецк, Донбасс, 415 с.
Хантингтон, С. 2003. 'Столкновение цивилизаций'. М., АСТ, 603 с.
Эрикссон, Э. 2006. 'Идентичность: юность и кризис'. М., Флинта, 342 с.
Этническая психология и общество'. 1997, Под ред. Лебедевой, М.М., Старый сад, 497 с.
Цит. по: Леонтьева, О. 2011. 'Историческая память и образы прошлого в российской культуре XIX – начала XX вв'. Самара, ООО Книга, 448 с.

Transliteration

- Bajtursynov, A. 1992. 'Til tagylymy'. Almaty, Ana tili, 448 b.
Bromlej, Ju. 1983. 'Ocherki teorii jetnosa'. M., 385 s.
Gellner, Je. 1991, 'Nacii i nacionalizm'. M., Progress, 319 s.
Dulatov, M. 2003. 'Bes tomdyk shygarmalar zhinagy'. Almaty, Mektep, T.3. 400 b.
'Kazahstan v global'nom mire: vyzovy i sohranenie identichnosti'. 2011. Almaty, Institut filosofii i politologii KN MON RK, 422 s.
Satershinov, B. & Sagikyzy, A. 2016. 'Tarihi sananyn mani men mazmunyna katysty kejbir maseleler' Istoricheskaja pamjat' kak istochnik konstruirovaniya kazhastanskoy identichnosti. *Mat. 4-j g. nauch.-prakt. konf. Nauchno-jekspertnoj grupy ANK*. Almaty, IFPR KN MON RK, 140 s.
Sabanchee, v R. 2004. 'Pamjat' kak kul'turno-istoricheskij fenomen v rabotah Morisa Halbvaksa'. *Gumanitarnye issledovanie v vostochnoj Sibiri i na Dal'nem Vostoke*, №2.
Toshhenko, Zh. 2008. 'Paradoksal'nyj chelovek'. M., JuNITI-DANA, 543 s.
Habermas, Ju. 1999. 'V poiskah nacional'noj identichnosti: filosofskie i politicheskie stat'i'. Doneck, Donbass, 415 s.
Hantington, S. 2003. 'Stolknovenie civilizacij' M., AST, 603 s.
Jerikson, Je. 2006. 'Identichnost': junost' i krizis', M., Flinta, 342 s.
'Jetnicheskaja psihologija i obshhestvo'. 1997. Pod red. Lebedevoy, N. M., Staryj sad, 497 s.
Cit. po: Leont'eva, O. 2011. 'Istoricheskaja pamjat' i obrazy proshlogo v rossijskoj kul'ture XIX – nachala NN vv'. Samara, ООО Книга, 448 s.

Аубакирова С.С., Ахметова Г.Г., Капышева Б.С.

Роль этнической памяти в формировании национальной идентичности

В статье рассматривается роль этнической памяти в формировании этнической идентичности. Затрагивается проблема влияния коллективной памяти о прошлом своего народа на межэтнические отношения. Основная цель состоит в том, чтобы подчеркнуть значимость этнической памяти в национальной идентификации и определить границы ее влияния на этот процесс. Проведен анализ особенностей этнической идентификации, в том числе в условиях кризиса, общественно-политических потрясений, проанализирована роль памяти в этом процессе, отмечен ее конструируемый характер.